20.06.2017-ғы № 16-01-16-2/2270-И
шығыс хаты

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҚПАРАТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯЛАР МИНИСТРЛІГІ

«БАЙЛАНЫС, АҚПАРАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

МИНИСТЕРСТВО ИНФОРМАЦИИ И КОММУНИКАЦИЙ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «КОМИТЕТ ГОСУДАРСТВЕННОГО КОНТРОЛЯ В ОБЛАСТИ СВЯЗИ, ИНФОРМАТИЗАЦИИ И СРЕДСТВ МАССОВОЙ ИНФОРМАЦИИ»

Астана қаласы, Есіл ауданы, Мінистрліктер үйі
Мәңгілік Ел даңғылы, 8 кеңсе
тел: 8 (7172) 74 11 78, факс 8 (7172) 74 11 01
email: info@mic.gov.kz

010000, город Астана, Есильский район, Дом Министерств
Мангилик Ел проспект, 8 офис
тел: 8 (7172) 74 11 78, факс 8 (7172) 74 11 01
email: info@mic.gov.kz

№

Мемлекеттік органдар
(тізім бойынша)

«Ақпараттандыру туралы» 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 30-бабы мен «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 20 желтоқсандағы № 832 қаулысы (бұдан әрі – Қаулы) 133-тармағының және 139-тармағы 9) тармақшасының орындалуын бақылау мақсатында Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитеті (бұдан әрі – Комитет) «Мемлекеттік техникалық қызмет» РМК-ға қосымшаға сәйкес өзекті ақпаратты CD-дискіде, оның ішінде:

– барлық мемлекеттік мекемелердің тізімін (орталық аппарат және аумақтық бөлімшелері);

- Интернетке қосылған телекоммуникация желілерінің тізбесін;

- мемлекеттік мекемелердің телекоммуникация желілерінің Интернетке қол жеткізудің бірыңғай шлюзіне (бұдан әрі – ИҚБШ) қосылу мәртебесін;

- жеке меншікті хостинг-алаңдарында орналасқан және Интернетке қолжетімділігі бар ақпараттандыру объектілерінің тізбесін (интернет-ресурстар, ақпараттық жүйелер) жіберуді сұраймыз.

Сонымен бірге, ИҚБШ-ға қосылу шарттарына қатысты мемлекеттік органдардың жиі келіп түсетін сұрау салуларына байланысты Қаулының

139-тармағының 9) тармақшасына сәйкес ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін мемлекеттік органдардың және жергілікті атқарушы органдардың сыртқы шеңберінің локальдық желісін Интернетке қосу тек ИҚБШ арқылы ғана жүзеге асырылатынын хабарлаймыз. Арнаулы және құқық қорғау мемлекеттік органдарды жедел мақсаттарда қосуды қоспағанда, Интернетке өзге тәсілмен қосылуға жол берілмейді. «Электрондық үкіметтің» сыртқы шлюзінің Интернетпен өзара іс-қимыл жасауы ИҚБШ арқылы жүзеге асырылады.

Қаулының 128-тармағының 4) тармақшасына сәйкес мемлекеттік органдардың немесе жергілікті атқарушы органдардың ведомстволық (корпоративтік) телекоммуникация желісін және локальдық желілерін Интернетке ИҚБШ арқылы қосқан кезде мемлекеттік органдар немесе жергілікті атқарушы органдар ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы операторының немесе ИҚБШ-ға қосылған нүктесінде меншікті халықаралық магистральдық байланыс арналары мен ИҚБШ жабдығында резервтелген байланыс арналары бар басқа байланыс операторының қызметтерін пайдаланады. Қазіргі уақытта ИҚБШ-ға:

- «Қазақтелеком» АҚ;
- «Astel» АҚ;
- «KazTransCom» АҚ;
- «Транстелеком» АҚ;
- «TNS-plus» ЖШС байланыс операторлары қосылылған.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде Интернетке қолжетімділік беру қызметіне арналған техникалық ерекшеліктерді қалыптастырған кезде Қаулыда жазылған талаптардың орындалуын ескеру қажет.

Қосымша ___ парақта.

Торағa Ә. Қожыков

Л. Искакова